



ИНДУКЦИЯЛЫҚ АС ПІСІРУ БЕТІ

ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ

MCI-B322S



Ескертулер: бұл өнімді пайдаланбас бұрын, осы Нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз және оны болашақта қарау үшін сақтап қойыңыз. Дизайн мен техникалық сипаттамалар өнімді жақсарту үшін алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін. Толық мәлімет алу үшін дилерге немесе өндірушіге хабарласыңыз.

Жоғарыдағы кескін тек анықтамалық мақсатта берілген. Нақты өнімнің сыртқы түрін стандарт ретінде алыңыз.

Midea өнімін таңдағаныңызға рақмет! Жаңа Midea өнімін пайдаланбас бұрын, жаңа құрылғыңызда ұсынылатын мүмкіндіктер мен функцияларды қауіпсіз қалай пайдалануға болатынын білетініңізге сенімді болу үшін осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз.

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫС ХАТ	01
ҚАУІПСІЗДІК НҰСҚАУЛЫҚТАРЫ.....	02
ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ	07
ӨНІМГЕ ШОЛУ	08
ЖҰМЫСТЫ БАСТАУ БОЙЫНША ҚЫСҚАША НҰСҚАУЛЫҚ	10
ӨНІМДІ ОРНАТУ	12
ПАЙДАЛАНУ	16
ЖАЛПЫ КҮТІМ ЕРЕЖЕЛЕРІ	23
АҚАУЛАРДЫ ЖОЮ	24
САУДА БЕЛГІЛЕРІ, АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ МӘЛІМДЕМЕ.....	27
КӘДЕГЕ ЖАРАТУ ЖӘНЕ ҚАЙТА ӨНДЕУ	28
ДЕРЕКТЕРДІ ҚОРҒАУ ТУРАЛЫ ЕСКЕРТПЕ	29

ҚАУІПСІЗДІК НҰСҚАУЛЫҚТАРЫ

Мақсатты пайдалану

Келесі қауіпсіздік нұсқаулары құрылғыны қауіпті немесе бұрыс пайдалану нәтижесінде орын алуы мүмкін қауіп-қатерлердің немесе зақымның алдын алуға арналған. Жеткізгеннен кейін қаптаманы және құрылғыны тексеріп, қауіпсіз пайдалану үшін барлығы дұрыс екеніне көз жеткізіңіз. Қандай да бір зақым бар екенін байқасаңыз, сатушыға немесе дилерге хабарласыңыз. Қауіпсіздігіңіз үшін құрылғыға қандай да бір өзгерістер немесе толықтырулар енгізуге болмайды. Өз мақсатына сай қолданбасаңыз, қауіпті жағдай орын алуы және кепілдіктің күші жойылуы мүмкін.

Шартты белгілер



Қауіп

Бұл белгі аса қауіпті газдың салдарынан адам өмірі мен денсаулығына қауіп төніп тұрғанын білдіреді.



Электрлік кернеу туралы ескерту

Бұл белгі кернеуден адам өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретінін білдіреді.



Ескерту

Сигнал сөзі қауіп-қатердің орташа деңгейін көрсетеді, егер оның алдын алмаса, өлімге немесе ауыр жарақатқа әкелуі мүмкін.



Абайлаңыз

Сигнал сөзі қауіп-қатердің төмен дәрежесін білдіреді, егер оны болдырмау мүмкін болмаса, жеңіл немесе орташа ауырлықтағы жарақаттарға әкелуі мүмкін.



Назар аударыңыз

Сигнал сөзі маңызды ақпаратты көрсетеді (мысалы, мүліктің зақымдануы), бірақ адам өміріне қауіп төндірмейді.



Нұсқауларды ұстаныңыз

Бұл белгі техникалық қызмет көрсету маманы аталған құрылғыны тек пайдалану нұсқаулығына сәйкес пайдалануы және қызмет көрсетуі керек екенін білдіреді.

Құрылғыны пайдаланар/іске қосар алдында осы пайдалану нұсқауларын мұқият оқып шығыңыз және кейін пайдалану үшін оны құрылғы орнатылатын жердің немесе құрылғының жанында сақтап қойыңыз!

Қауіпсіздік бойынша ескертулер

Сіздің қауіпсіздігіңіз біз үшін өте маңызды. Пісіру панелін пайдаланбас бұрын, осы ақпаратты оқып шығыңыз.

Орнату

Электр тоғының соғу қаупі

- Тазалау немесе техникалық қызмет көрсетуді орындамас бұрын әрқашан құрылғыны электр желісінен ажыратыңыз.
- Сенімді жерге тұйықтау жүйесіне қосу маңызды және міндетті талап болып табылады.
- Үйдегі электр сымдары жүйесіне өзгеріс енгізу жұмыстарын тек білікті электр маманы орындауы керек.
- Бұл талапты орындамау электр тоғының соғуына және тіпті қайғылы жағдайға әкелуі мүмкін.

Кесіп алу қаупі

- Абайлаңыз, панель жиектері өткір келеді.
- Сақ болмасаңыз, жарақат алуыңыз немесе бір жеріңізді кесіп алуыңыз мүмкін.

Қауіпсіздік туралы маңызды нұсқаулар

- Бұл құрылғыны орнатпас және пайдаланбас бұрын, осы нұсқаларды оқып шығыңыз.
- Ешбір жағдайда бұл құрылғының үстіне тұтанғыш материал немесе өнім қоймаңыз.
- Құрылғыны орнататын адамға осы ақпаратты беріңіз, себебі ол орнату шығынын азайтуы мүмкін.
- Қауіптің алдын алу үшін бұл құрылғыны осы орнату нұсқауларына сай орнату керек.
- Бұл құрылғыны тек тиісті білімі бар адам ғана орнатып, жерге тұйықтауы керек.
- Бұл құрылғы қуат көзінен толық ажырататын оқшаулағыш қосқышы бар тізбекке жалғануы керек.
- Құрылғыны дұрыс орнатпасаңыз, кепілдік бойынша қандай да бір міндеттемелердің күшін жоюы мүмкін.
- Егер құрылғыны қауіпсіз пайдалану туралы нұсқау алған болса және пайдалануға қатысты қауіптерді түсінген болса ғана, бұл құрылғыны 8 жастан асқан балалар, сондай-ақ физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі не тәжірибесі мен білімі жоқ адамдар пайдалана алады.

- Балалар құрылғымен ойнамауы керек. Тазалауды және пайдаланушы орындайтын техникалық қызметті балаларға қадағалаусыз орындатпау керек.
- Егер қуат сымы зақымдалса, қауіптің алдын алу үшін оны өндіруші, оның қызмет көрсету маманы немесе сол сияқты білікті мамандар ауыстыруы керек.
- Ескерту: Тоғы бар бөлшектерді қорғайтын әйнек-керамика немесе соған ұқсас материалдан жасалған плита беттері шытынап кетсе, электр тоғы соғу қаупінің алдын алу үшін құрылғыны өшіріп тастаңыз.
- Пышақ, шанышқы, қасық және қақпақ сияқты металдан жасалған заттарды пісіру бетінің үстіне қоюға болмайды. Олар қызып кетуі мүмкін.
- Бүмен тазалағыш қолданылмауы керек.
- Пісіру панелін тазалау үшін бу тазалағышын пайдалануға болмайды.
- Құрылғы сыртқы таймер немесе бөлек қашықтан - басқару жүйесі арқылы пайдалануға арналмаған.
- ЕСКЕРТУ: Өрт шығу қаупі бар: пісіруге арналған беттерге зат қоймаңыз.
- Пісіру процесін қадағалап тұру керек. Қысқа мерзімді пісіру процесін үздіксіз қадағалап тұру керек.
- ЕСКЕРТУ: Пісіру бетінде тоң маймен немесе сұйық маймен тамақ пісіру кезінде, оны қараусыз қалдыру қауіпті болуы және өрт шығуы мүмкін. Отты ЕШ УАҚЫТТА сумен сөндірмеңіз, құрылғыны өшіріңіз және оттың бетін қақпақ немесе өрт көрпесі сияқты нәрсемен жабыңыз.

Пайдалану және техникалық қызмет көрсету

Электр тоғының соғу қаупі

- Сынған немесе шытынаған плитада ас дайындауға болмайды. Егер плитаның беті сынған немесе шытынаған болса, құрылғыны электрлік қуат көзінен (қабырға қосқышы) дереу ажыратыңыз және білікті техник маманға хабарласыңыз.
- Тазалау және техникалық қызмет көрсету жұмыстарынан бұрын, қабырғадағы розеткадан плитаны ажыратыңыз.
- Бұл талапты орындамау электр тоғының соғуына және тіпті қайғылы жағдайға әкелуі мүмкін.

Денсаулыққа қатысты қауіп

- Бұл құрылғы электромагниттік қауіпсіздік стандарттарына сай келеді.
- Алайда кардиостимуляторлары немесе басқа электрлік имплантаттары (мысалы, инсулин помпасы) бар адамдар бұл құрылғыны пайдаланбас бұрын дәрігерімен немесе имплантат өндірушісімен ақылдасып, имплантаттарына электромагниттік өріс әсер етпейтініне көз жеткізіп алуы керек.
- Бұл кеңесті ескермеген жағдайда, адам өліп кетуі мүмкін.

Ыстық беттен туындайтын қауіп

- Қолдану барысында бұл құрылғының қолжетімді бөлшектері күйдіретіндей қатты қызып кетуі мүмкін.
- Беті суымай тұрып, денеңізді, киіміңізді немесе тиісті ас құралдарынан басқа ешбір затты керамикалық әйнекке тигізбеңіз.
- Балалардың аулақ жүруін қадағалаңыз.
- Кәстрөлдің тұтқалары қатты қызып кетуі мүмкін. Кәстрөлдің тұтқалары басқа қосылып тұрған пісіру аймақтарының үстінде тұрмағанына көз жеткізіңіз. Тұтқаларды балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.
- Бұл талапты орындамау күйіп қалуға әкелуі мүмкін.

Кесіп кету қаупі

- Қауіпсіздік қақпағын алып тастағанда, пісіру панеліне арналған қырнауыштың жүзі ұстара тәрізді өткір. Абайлап қолданыңыз және оны қауіпсіз әрі балалардың қолы жетпейтін жерге қойыңыз.
- Сақ болмасаңыз, жарақат алуыңыз немесе бір жеріңізді кесіп алуыңыз мүмкін.

Қауіпсіздік туралы маңызды нұсқаулар

- Құрылғыны қолданып жатқанда, оны қараусыз қалдырмаңыз. Қайнаған кезде булар пайда болады және майдың төгіліп кетуі мүмкін, олар тұтануға бейім.
- Құрылғыны жұмыс немесе сақтау беті ретінде қолданбаңыз.
- Құрылғыда ешқашан бөгде заттарды тіпті ас үй ыдыстарын қалдырмаңыз.
- Магниттелетін ешбір затты (мысалы, несиелік карталар, жад карталары) немесе электрондық құрылғыларды (мысалы, компьютерлерді, MP3 плеерлерді) құрылғының жанына қоймаңыз немесе қалдырып кетпеңіз, себебі олар оның электромагниттік өрісіне кері әсер етуі мүмкін.
- Бөлмені жылыту немесе қыздыру үшін бұл құрылғыны пайдалануға болмайды.
- Қолданып болған соң, осы нұсқаулықта көрсетілгендей (яғни, сенсорлы басқару элементтерін пайдалану арқылы) пісіру аймақтарын және пісіру панелін міндетті түрде өшіріңіз. Табаларды алып тастағанда, табаларды анықтау функциясы пісіру аймақтарын өшіретініне сенуге болмайды.
- Балалардың құрылғымен ойнауына, оның үстіне отыруына, тұруына немесе өрмелеп шығуына жол бермеңіз.
- Құрылғының жоғарғы жағындағы шкафтарға балаларды қызықтыратын заттарды сақтамаңыз. Пісіру панелінің үстіне шыққан бала қатты жарақаттануы мүмкін.
- Құрылғы қолданылып жатқан жерде балаларды жалғыз немесе қараусыз қалдырмаңыз.
- Балаларға немесе құрылғыны пайдалана алмайтын мүмкіндігі шектеулі адамдарға құрылғыны қалай пайдалану керектігін түсіндіріп беретін жауапты әрі білікті адам болуы керек. Нұсқау беруші адам құрылғыны пайдаланғанда өздеріне және айналадағыларға қауіп төнбейтініне көз жеткізуі керек.

- Нұсқаулықта анық көрсетілмесе, құрылғының ешбір бөлігін жөндеуге немесе ауыстыруға болмайды. Басқа қызмет көрсету жұмыстарын білікті техник маман орындауы керек.
- Пісіру панелінің үстіне ешқандай ауыр зат қоймаңыз немесе құлатып алмаңыз.
- Пісіру панелінің үстіне шықпаңыз.
- Жиектерінде тістері бар табаларды пайдаланбаңыз немесе табаларды Керамикалық әйнек бетімен сүйремеңіз, ол әйнекті сырып тастауы мүмкін.
- Пісіру панелін тазалау үшін жөке немесе басқа да қатты абразивті тазалау құралдарын пайдалануға болмайды, себебі ол Керамикалық әйнектің бетіне сызат түсіруі мүмкін.
- Бұл құрылғыны тұрмыстық жағдайда және төменде көрсетілген жағдайларда қолдану керек:
 - дүкендерде, кеңселерде және басқа да жұмыс орталықтарында қызметкерлердің асхана бөлмелерінде;
 - фермерлік үйлерде;
 - қонақүйлердің, мотельдердің және басқа да тұрғын үй-жайлардың клиенттері қолдана алады;
 - шағын қонақүйлерде қолдануға болады.
- ЕСКЕРТУ: Пайдалану барысында құрылғы және оның қолжетімді бөлшектері қатты қызып кетуі мүмкін.
- Қызатын элементтерге тиіп кетпей, сақ болу керек.
- Үнемі қадағалап тұрмайтын болсаңыз, 8 жасқа толмаған балаларды алшақ ұстаңыз.
- ЕСКЕРТУ: тамақ пісіру құрылғысының өндірушісі шығарған плита қалқандарын немесе құрылғы өндірушісі пайдалану нұсқауларында жарамды деп көрсеткен плита қалқандарын не құрылғымен бірге жеткізілген плита қалқандарын ғана пайдаланыңыз. Сәйкес келмейтін қалқандар қолданылса, жазатайым оқиғалар орын алуы мүмкін.

Оны дұрыс орнату және пайдалану керектігін толық түсіну үшін, осы орнату нұсқаулығымен танысуға біраз уақыт бөліңіз.

Құрылғыны орнату үшін, “Орнату” бөлімін қараңыз.


Қолданар алдында қауіпсіздік нұсқауларының барлығын мұқият оқып шығыңыз. Осы орнату нұсқаулығын кейінірек пайдалану үшін сақтап қойыңыз.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ


Ас пісіру беті	MCI-B322S
Қыздыру аймақтары	2 аймақ
Қуат көзінің кернеуі	220-240 В~ 50 Гц немесе 60 Гц
Орнатылған электрлік қуат	3500 Вт
Өнім өлшемі Ұ×Е×Б (мм)	288x520x59,5
Кіріктірілетін өлшемдері А×В (мм)	268x500

ӨНІМГЕ ШОЛУ

Жоғарыдан көрінісі




Басқару панелі



Жұмыс принципі

Индукциялық пісіру — қауіпсіз, жетілдірілген, тиімді әрі үнемді пісіру технологиясы. Ол әйнек бетті қыздырып, жанама түрде жұмыс істеудің орнына жылуды табаның өзінде тікелей тудыратын электромагниттік діріл арқылы жұмыс істейді. Әйнектің қызу себебі — таба оны соңында қыздырады.



Жаңа индукциялық плитаны қолдану алдында

- Осы нұсқауды оқып шығыңыз, ондағы “Қауіпсіздік бойынша ескертулер” бөліміне ерекше мән беріңіз.
- Индукциялық плитада қалып кетуі мүмкін қорғағыш таспаны алып тастаңыз.

ЖҰМЫСТЫ БАСТАУ БОЙЫНША ҚЫСҚАША НҰСҚАУЛЫҚ

 Қуыру кезінде, әсіресе "Қуатты күшейту" режимін пайдаланғанда абайлаңыз, себебі тоң май мен сұйық май жылдам қызады. Өте жоғары температурада май мен тоң май ойламаған жерден тұтанып кетеді және ол өрт шығуға себеп болуы мүмкін.

Пісіруге қатысты кеңестер

- Тамақ қайнайын деп қалғанда, температура параметрін азайтыңыз.
- Қақпақты қолдансаңыз, пісіру уақыты азаяды және қызуды сақтап тұру арқылы қуатты үнемдейді.
- Пісіру уақытын азайту үшін сұйықтықты немесе майды мүмкіндігінше аз қолданыңыз.
- Тамақ пісіре бастағанда жоғары параметрді таңдаңыз, ал тамақ қайнағанда параметрді азайтыңыз.

Бұқтыру, күріш пісіру

- Бұқтырғанда қайнау нүктесінен төмен температура (шамамен 85 °C) қолданылады, ондайда пісіріп жатқан сұйықтықтың бетінде көпіршіктер анда-санда ғана бүлкілдеп тұрады. Бұл сорпаның дәмді, ал бұқтырылған тамақтың жұмсақ болуының негізгі кілті, себебі тамақ қатты қайнамай, дәмі жақсырақ сіңеді. Сонымен қатар жұмыртқа негізді ұнмен қоюланған тұздықтарды қайнау нүктесінен төмен температурада пісіруіңіз керек.
- Тамақтың ұсынылған уақыт ішінде дұрыс дайындалуы үшін, суды сіңірту әдісі арқылы күріш дайындау сияқты кейбір тапсырмалар ең төменгі параметрден жоғары параметрді пайдалануды қажет етуі мүмкін.

Стейк қуыру

Дәмі тіл үйіретін сәлді стейктер дайындау үшін:

1. Пісірмес бұрын етті бөлме температурасында шамамен 20 минутқа қойып қойыңыз.
2. Түбі қалың қуыруға арналған табаны қыздырыңыз.
3. Стейктің екі жағын да майлаңыз. Ыстық табаға аздаған сұйық май тамызыңыз да, етті ыстық табаға салыңыз.
4. Пісіру кезінде стейкті тек бір рет аударыңыз. Нақты пісіру уақыты стейктің қалыңдығына және оның қалай қуырылу керектігіне байланысты болады. Стейктің бір жағын шамамен 2-8 минут қуыру керек. Оның қаншалықты қуырылғанын білу үшін стейкті басып көріңіз. Ол қаншалықты қатты болса, соншалықты жақсы қуырылған деген сөз.
5. Стейкті жылы төрелкеге салып бірнеше минутқа қойып қойсаңыз, ол жібиді және жұмсара түседі.

Араластырып қуыру үшін

1. Индукциялық панельмен үйлесетін негізі тегіс вокты немесе жалпақ үлкен табаны таңдаңыз.
2. Ингредиенттер мен жабдықтың барлығын дайындап қойыңыз. Тез араластырып қуыру керек. Егер тамақты көп мөлшерде дайындап жатсаңыз, тамақты бірнеше кішкентай партиямен дайындаңыз.
3. Табаны аздап қыздырыңыз және екі ас қасық май құйыңыз.
4. Алдымен кез келген етті пісіріп алып, шетке жылы жерге қойып қойыңыз.
5. Көкөністерді араластырып қуырыңыз. Олар әрі ыстық әрі қытырлап тұрғанда, пісіру аймағын төменірек параметрге қойыңыз да, етті табаға қайта салыңыз және тұздық қосыңыз.
6. Ингредиенттерді ақырындап араластырып тұрыңыз, олар қызуы керек.
7. Тамақты дереу ұсыныңыз.

Шағын бөлшектерді анықтау

Өлшемі үйлеспейтін немесе магниттік емес таба (мысалы, алюминий) не басқа шағын элемент (мысалы, пышақ, шанышқы, кілт) плитада қалып кетсе, плита 1 минуттан кейін күту режиміне автоматты түрде өтеді. Желдеткіш келесі 1 минут бойы индукциялық плитаның пісіру режиміне жол бермейді.

Қыздыру параметрлері

Төмендегі параметрлер тек нұсқаулар болып табылады. Нақты параметр бірнеше факторларға, соның ішінде ыдыс-аяқ пен қанша көлемде пісіретініңізге байланысты болады. Сізге ең қолайлы параметрлерді табу үшін керамикалық пісіру бетімен тәжірибе жасаңыз.

Қыздыру параметрлері	Тиісті пісіру режимдері
1 - 2	• аз мөлшердегі тамақты аздап жылыту • шоколад, май және тез күйетін тағамдарды еріту • шымырлатып қайнату • баяу жылыту
3 - 4	• жылыту • тез қайнату • күріш пісіру
5 - 6	• құймақ
7 - 8	• бұқтырып пісіру • паста дайындау
9	• қуыру • қызарту • сорпа қайнату • су қайнату

ӨНІМДІ ОРНАТУ


Орнату жабдығын таңдау

Жұмыс бетін сызбада көрсетілген өлшемдерге сай кесіп алыңыз.

Орнату және пайдалану мақсатында саңылаудың айналасында кемінде 50 мм орын қалдыру керек.

Жұмыс бетінің қалыңдығы кемінде 30 мм болуы керек. Электр тогы соқпауы үшін және плитадан шығатын ыстықтан деформацияланбауы үшін ыстыққа төзімді және оқшауланған жұмыс беті материалын (арнайы зат сіңдірілмесе, ағашты және соған ұқсас талшықты немесе гигроскопиялық материалды жұмыс бетінің материалы ретінде қолдануға болмайды) таңдаңыз. Төменде көрсетілгендей:


! Ескертпе: Плитаның қапталдары мен жұмыс беттерінің ішкі жақтары арасындағы қауіпсіз қашықтық кемінде 3 мм болуы керек.



A (мм)	B (мм)	C (мм)	D (мм)	E (мм)	F (мм)	G (мм)
268+4 0	500+4 0	50 (мин.)	50 (мин.)	50 (мин.)	50 (мин.)	3 мм (мин.)

Қандай жағдай болмасын, индукциялық плита жақсы желдетілетін жерде тұруы керек және ауа кіретін және шығатын саңылауды бітеуге болмайды. Индукциялық плита дұрыс жұмыс жағдайында екеніне көз жеткізіңіз. Төменде көрсетілгендей.


! Ескертпе: Пісіру беті мен оның үстіндегі шкаф арасындағы қауіпсіз қашықтық кемінде 760 мм болуы керек.



A (мм)	B (мм)	C (мм)	D	E
760	50 (мин.)	20 (мин.)	Ауа кіретін саңылау	Ауа шығысы 5 мм

ЕСКЕРТУ: Тиісті ауа айналымын қамтамасыз ету

Индукциялық пісіру панелі жақсы желдетілетініне және ауа кірісі мен шығысы бітелмегеніне көз жеткізіңіз. Плитаның қатты қызып кеткен түбін абайсызда ұстап алмау үшін немесе жұмыс барысында абайсызда ток соқпауы үшін, плитаның астынан кемінде 50 мм қашықтықта ағаш тақта қойып, бұрандамен бекіту керек. Төмендегі талаптарды орындаңыз.



⚠ Пісіру бетінің сыртында желдеткіш саңылаулар бар. Пісіру бетін орнына қойған кезде бұл саңылаулардың үстелдің үстіңгі тақтайымен жабылмағанына көз жеткізу керек.

- ⚠ Панельдің ажырап кетпеуі үшін, пластик немесе ағаш материалды жиһазға біріктіріп тұрған желім 150°C-тан жоғары температураға төтеп бере алуы керек.
- Сондықтан артқы қабырға, айналасындағы беттер 90 °C температураға шыдас беруі керек.

Плитаны орнатпас бұрын келесі шарттардың орындалғанын қадағалаңыз

- Жұмыс беті тегіс әрі түзу және орын талаптарына ешқандай құрылым элементтері кедергі келтірмейді.
- Жұмыс беті жылуға төзімді және оқшауланған материалдан жасалған.
- Плита пештің үстіне орнатылса, пеште ендірілген салқындату желдеткіші бар.
- Орнату әрекеті бос аралыққа қатысты барлық талап пен тиісті стандарттарға және нормативтерге сай.
- Электрлік қуат көзінен толық ажырата алатын үйлесімді оқшаулағыш қосқышы тұрақты сымға қосылған, жергілікті сым жүргізу ережелері мен нормативтеріне сай бекітілген және орнатылған.
- Оқшаулағыш қосқышының түрі мақұлданған болуы және барлық полюсте (немесе жергілікті сым жүргізу ережелерінде осындай талаптарға рұқсат берілсе, барлық белсенді [фазалық] өткізгіште) ауа саңылауының бөлу қашықтығы 3 мм болуы керек.
- Орнатылған плитадан оқшаулағыш қосқышына тұтынушы оңай қол жеткізе алады.

- Ортауға қатысты күдік болса, құрылысты техникалық бақылаудың жергілікті қызметіне және жарғыларға жүгінесіз.
- Плитаның айналасындағы қабырғаны салу үшін жылуға төзімді және оңай тазаланатын өңдеу материалдарын (мысалы, кафель) пайдаланасыз.

Плитаны орнатқаннан кейін келесі шарттардың орындалғанын қадағалаңыз

- Қуат кабеліне шкаф есіктері немесе тартпалар арқылы қол жеткізу мүмкін емес.
- Ас үй жиһазынан плита негізіне жеткілікті таза ауа ағыны келеді.
- Плита тартпаның немесе шкаф аймағының үстіне орнатылған болса, плита негізінің астында жылу оқшаулағыш кедергі орнатылған.
- Тұтынушы оқшаулағыш қосқышына оңай қол жеткізе алады.


Бекіту кронштейндерін орнату алдында

Құрылғыны тұрақты тегіс бетке орнату керек (қаптаманы қолданыңыз). Пісіру бетінен шығатын басқару элементтеріне күш қолданбаңыз.

Кронштейн орнын реттеу

Құрылғыны орнатқаннан кейін плитаның астыңғы жағындағы 4 кронштейнді бұрау арқылы жұмыс бетіне плитаны бекітіңіз (суретті қараңыз).

Кронштейн позициясын түрлі үстел қалыңдығына сәйкес реттеңіз.



⚠ Ешбір жағдайда кронштейндерді орнатқан соң, жұмыс үстелінің ішкі беттерін ұстауға болмайды (суретті қараңыз).

Абайлаңыз

1. Индукциялық плитаны білікті қызметкерлер немесе техникалық мамандар орнатуы тиіс. Сізге кәсіби мамандарды ұсына аламыз. Жұмысты өз бетіңізше жасауға тырыспаңыз.
2. Плитаны тура ыдыс жуғыш машинаның, тоңазытқыштың, мұздатқыштың, кір жуғыш машинаның немесе киім құрғатқыш машинаның үстіне орнатуға болмайды, себебі ылғалдылық плитаның электроникасын зақымдауы мүмкін.
3. Индукциялық плитаны сенімділік үшін жылу радиациясын жақсырақ қамтамасыз ететіндей орнату керек.
4. Үстел бетінің жоғарғы жағындағы қабырға және индукциялық қыздыру аймағы ыстыққа төтеп бере алуы керек.
5. Қандай да бір зақымның алдын алу үшін көп қабатты құрылымның қабаты және желім ыстыққа төзімді болуы керек.
6. Бүмен тазалағыш қолданылмауы керек.

Плитаны негізгі электрлік қуат көзіне жалғау

⚠ Плитаны электрлік қуат көзіне тек тиісті біліктілігі бар маман жалғауы керек. Плитаны электрлік қуат көзіне жалғау алдында келесі шарттардың орындалғанын тексеріңіз:


1. Үйдегі сым жүйесі плитадан келетін қуатпен үйлесімді.
2. Кернеу зауыттық тақтайшада берілген мәнге сәйкес келеді.
3. Қуат кабелінің бөліктері зауыттық тақтайшада берілген жүктемені көтере алады.

Плитаны электрлік қуат көзіне жалғау үшін адаптерлер, редукторлар немесе тармақтағыштар пайдаланбаңыз, себебі олар шамадан тыс қызып кетуі және өртке әкелуі мүмкін.

Қуат кабелі ыстық беттерге тимеуі және оның температурасы кез келген нүктеде 75°C-тан аспайтындай орнатылуы керек.

⚠ Ешбір жағдайда кронштейндерді орнатқан соң, жұмыс үстелінің ішкі беттерін ұстауға болмайды (суретті қараңыз).

Қуат көзі тиісті стандартқа сәйкес немесе бір полюсті ажыратқыш арқылы қосылуы керек. Жалғау әдісі төменде көрсетілген.




- Егер кабель зақымдалған болса немесе оны ауыстыру қажет болса, қандай да бір жазатайым оқиғаға жол бермес үшін, бұны сатудан кейін қызмет көрсететін агент арнайы құралдарды қолдана отырып орындауы тиіс.
- Егер құрылғы тікелей желіге қосылатын болса, контактілерінің арасындағы қашықтық кемінде 3 мм болатын көпполюсті ажыратқыш орнату қажет.
- Орнатушы электр қосылымының дұрыс орындалғанына және қауіпсіздік ережелеріне сәйкес келетініне көз жеткізуі тиіс.
- Кабельді бүктеуге немесе қысуға болмайды.
- Кабельді жиі тексеріп тұру керек және оны рұқсаты бар техник мамандар ғана ауыстыруы керек.
- Қуат кабелінің сары/жасыл сымын қуат көзі мен құрылғы клеммаларының жерге тұйықтау нүктесіне жалғау керек.
- Өндіруші жерге тұйықталмаған құрылғыны пайдаланудан немесе жерге тұйықтаудың ақаулы жалғамынан туындаған жазатайым оқиғаларға жауапты болмайды.
- Құрылғының розеткасы болса, ол розеткаға қол жететіндей орнатылуы керек.

⚠ Орнатқан соң, плитаның астыңғы бетіне және қуат сымына қол жеткізу мүмкін емес.

ПАЙДАЛАНУ


Сенсорлы басқару элементтері

- Басқару элементтері түрткенге жауап береді, сондықтан оларды қатты басудың қажеті жоқ.
- Саусағыңыздың ұшын емес, жұмсақ жерін пайдаланыңыз.
- Түрткен сайын “бипылдаған” дауыс шығады.
- Басқару элементтерінің бетінде әрқашан таза, құрғақ және бөгде заттар (ыдыс немесе шүберек сияқты) жоқ екеніне көз жеткізіңіз. Тіпті жұқа су қабаты басқаруды қиындатады.



Дұрыс асүй жабдығын таңдау

- ⚠ • Түбі индукциялық пісіруге жарамды ас үй жабдығын ғана пайдаланыңыз. Таба қаптамасындағы немесе астындағы индукция белгісін қараңыз.
- Ас үй жабдығының жарамды екенін магнит сынағын жүргізу арқылы тексеруге болады. Магнитті таба түбіне қарай жүргізіңіз. Магнит тартылса, таба индукция үшін жарамды.




- Магнит болмаса:
 1. Тексергіңіз келген табаға су құйыңыз.
 2. Дисплейде  белгішесі жыпылықтамаса және су қызса, таба жарамды.
- Келесі материалдардан жасалған асүй жабдығы жарамсыз: таза тот баспайтын болат, магниттік түбі жоқ алюминий немесе мыс, әйнек, ағаш, фарфор, керамика және қыш.
- Сатылымдағы кейбір кәстрөлдер мен табалар индукциялық пісіру үшін жарамсыз, себебі олардың түбінің бір бөлігі ғана ферромагниттік материалдан, ал қалған бөлігі басқа материалдан жасалады. Бұл аймақтар басқа дәрежеде немесе қуат аз кезде қызуы мүмкін. Кейбір жағдайларда жабдықтың түбі көбінесе ферромагниттік емес материалдардан жасалса, плита табаны анықтамауы, сол себепті пісіру аймағын қоспауы мүмкін.




Дұрыс ас үй ыдысын таңдау


Тісті жиектері немесе қисық негізді ас үй жабдықтарын қолданбаңыз.



Табаның түбі тегіс екеніне, әйнекке тегіс жататынына және пісіру аймағымен бірдей өлшемде екеніне көз жеткізіңіз. Өлшемі таңдалған аймақ суретінің өлшемімен бірдей табаларды пайдаланыңыз. Кәстрөл үлкенірек болса, энергия максималды өнімділікпен қолданылады. Кішірек кәстрөл қолданылса, өнімділік күтілетін шамадан азырақ болуы мүмкін. Табаны тамақ пісіру аймағының ортасына келтіріңіз.



Табаларды индукциялық плитадан әрдайым көтеріп алыңыз, сырғытпаңыз, әйтпесе әйнек сызылып қалуы мүмкін.



Пісіру аймақтары таба диаметріне автоматты түрде бейімделеді (белгілі бір шектерге дейін). Алайда бұл таба түбінің диаметрі тиісті пісіру аймағына сәйкес минималды диаметрге сай болуы керек. Плитаның ең тиімді өнімділігіне қол жеткізу үшін табаны тамақ пісіру аймағының ортасына қойыңыз.

Пісіру аймағы	Индукциялық ас үй жабдығы түбінің диаметрі	
	Минималды (мм)	Максималды (мм)
180 мм	140	180
180 мм	140	180

Пісіруді бастау

ҚОСУ/ӨШІРУ түймесін белгілі бір уақыт басып тұрыңыз. Қуат қосылғаннан кейін, бір рет дыбыстық сигнал беріледі және барлық дисплейде "-" немесе "-" белгішесі көрсетіледі, бұл плитаның күту режиміне енгенін білдіреді.




Қыздыру аймағын таңдаудың басқару элементі түртілсе, перненің жанындағы индикатор жыпылықтайды.




Пайдаланғыңыз келетін пісіру аймағына үйлесімді табаны қойыңыз.

- Табаның асты мен пісіру аймағының беті таза әрі құрғақ екеніне көз жеткізіңіз.



Бүйірлік басқару элементін түрту арқылы қыздыру параметрін таңдаңыз.

- 1 минут ішінде қыздыру параметрін таңдамасаңыз, индукциялық плита автоматты түрде өшеді. Ондай жағдайда 1-қадамнан бастаңыз.
- Пісіру барысында қыздыру параметрін кез келген уақытта өзгертуге болады.



Дисплейде қыздыру параметрімен бірге >0< белгішесі кезектесіп жыпылықтаса

Бұл мынаны білдіреді:


- табаны дұрыс пісіру аймағына қоймадыңыз немесе
- қолданылып жатқан таба индукциялық пісіру үшін жарамсыз не
- таба тым шағын немесе пісіру аймағының ортасына дұрыс қойылмаған.

Пісіру аймағына жарамды таба қойылмаса, плита қыздырмайды.

Плитаға жарамды таба қойылмаса, дисплей 2 минуттан кейін автоматты түрде өшеді.

Тамақ пісіруді аяқтау

Өшіргіңіз келетін қыздыру аймағын таңдау түймелерін басу.



"0"-ге түсіру арқылы тамақ пісіру аймағын өшіріңіз. Дисплейде "0" көрсетілгенін тексеріңіз.



ҚОСУ/ӨШІРУ сенсорларын түрту арқылы пісіру панелін толық өшіріңіз.



Ыстық беттерді абайлаңыз

Пісіру аймақтарының қайсысы ыстық екенін көрсету үшін “Н” әрпі көрсетіледі. Беті қауіпсіз температураға дейін төмен түскенде ол әріп өшіп қалады. Оны энергияны үнемдеу функциясы ретінде де пайдалануға болады. Егер қосымша табалар қыздырғыңыз келсе, әлі де ыстық плитаны пайдаланыңыз.




Икемді аймақ


- Тамақ пісіру қажеттіліктеріне сай бұл аймақты бір аймақ немесе екі түрлі аймақ ретінде пайдалануға болады.
- Еркін аймақ бөлек басқаруға болатын тәуелсіз екі индуктордан тұрады.

Үлкен аймақ ретінде

Еркін аймақты бір үлкен аймақ ретінде іске қосу үшін икемді аймақтың басқару сенсорын басыңыз.



Үлкен аймақты келесідей пайдалану ұсынылады:
Ас үй жабдығы: диаметрі 250 мм немесе 280 мм ас үй жабдығы (шаршы немесе сопақ ас үй жабдығын пайдалануға болады).




Жоғарыдағы үш операциядан басқа операцияларды орындау ұсынылмайды, әйтпесе құрылғының қызуына теріс әсер етуі мүмкін.


Тәуелсіз екі аймақ ретінде

Икемді аймақты екі түрлі аймақ ретінде пайдалану кезінде қыздырудың екі таңдауы болады.

(a) Табаны икемді аймақтың жоғарғы оң жағына немесе төменгі оң жағына қойыңыз.



(b) Екі табаны икемді аймақтың екі жағына қойыңыз.



Ескертпе:

Ас үй ыдыстарының диаметрі 12 см-ден асатынына көз жеткізіңіз.

Басқару сенсорларын құлыптау

- Сіз күтпеген пайдаланудың алдын алу үшін басқару сенсорларын бұғаттай аласыз (мысалы, балалардың оттықтарды кездейсоқ қосуы).
- Басқару сенсорлары бұғатталған кезде, ҚОСУ/ӨШІРУ басқару сенсорларын қоспағанда, барлық басқару сенсорлары өшірілуі болады.

Басқару сенсорларын құлыптау үшін	
Құлыптау түймелерін түрту	Таймер индикаторы «Lo» белгісін көрсетеді
Басқару сенсорларының құлпын ашу үшін	
Құлыпты басқару элементін біраз басып тұрыңыз.	

⚠ Пісіру беті құлыптау режимінде болғанда, ҚОСУ/ӨШІРУ ① сенсорынан басқа барлық басқару сенсорлары өшірілген, төтенше жағдайда сіз әрқашан керамикалық пісіру бетін ҚОСУ/ӨШІРУ ① сенсорымен өшіре аласыз, бірақ ол үшін алдымен келесі қосқанда пісіру бетін бұғаттан шығару керек.

Таймерді басқару элементі

Таймерді екі түрлі жолмен пайдалануыңызға болады:

- Оны кері санақ таймері ретінде қолдануыңызға болады. Ондай жағдайда орнатылған уақыт өтіп кеткен соң, таймер ешбір пісіру аймағын өшірмейді.
- Орнатылған уақыт өтіп кеткен соң, оны бір немесе бірнеше пісіру аймағын өшіру үшін пайдалана аласыз. Таймерді максимум 99 минутқа орнатуға болады.

а) Кері санақ таймерін қолдану

Ешқандай пісіру аймағын таңдамайтын болсаңыз.



Пісіру панелі қосылып тұруы керек.

Таймердің басқару элементтерін түртіңіз. Кері санақ таймерінің индикаторы жыпылықтай бастайды және таймер дисплейінде "10" саны көрсетіледі.

Таймердің "+" немесе "-" басқару элементін түрту арқылы уақытты орнатыңыз

Кеңес: Таймердің "-" немесе "+" түймесін бір рет бассаңыз, ол 1 минутқа артады немесе азаяды.

Таймердің "-" немесе "+" түймесін басып тұрсаңыз, ол 10 минутқа артады немесе азаяды.



"-" және "+" басқару элементтерін бір уақытта басып тұрсаңыз, таймерден бас тартылады және минут дисплейінде "00" саны шығады.



Уақыт орнатылған соң, бірден кері санақ басталады. Дисплейде қалған уақыт көрсетіледі және таймер индикаторы 5 секунд жыпылықтайды.




30 секунд дыбыстық сигнал шығады және уақыт орнатылып болған соң, таймер индикаторы “- -” деп көрсетеді.

— —


б) Бір пісіру аймағын өшіру үшін таймерді орнату

Бір аймақты орнату

Таймер орнатқыңыз келген қыздыру аймағын таңдауды басқару элементін түртіңіз.



Таймердің "+" немесе "-" басқару элементін түрту арқылы уақытты орнатыңыз
 Кеңес: Таймердің "-" немесе "+" басқару элементін бір рет түртсеңіз, ол 1 минутқа артады немесе азаяды. Уақытты 10 минутқа азайту немесе арттыру үшін таймердегі "-" немесе "+" басқару элементін басып тұрыңыз.



"-" және "+" басқару элементтерін бір уақытта басып тұрсаңыз, таймерден бас тартылады және минут дисплейінде "00" саны шығады.


Уақыт орнатылған соң, бірден кері санақ басталады. Дисплейде қалған уақыт көрсетіледі және таймер индикаторы 5 секунд жанады.

ЕСКЕРТПЕ:

Қуат деңгейі индикаторының жанындағы қызыл нүкте жанып, аймақтың таңдалғанын білдіреді.



Пісіру таймері аяқталғанда тиісті пісіру шеңбері автоматты түрде өшеді.




— —

⚠ Басқа пісіру аймақтары бұған дейін қосылса, олардың жұмысы жалғасады.


Арттыру функциясын пайдалану

Арттыру функциясын іске қосу

Қыздыру аймағының сырғытуды басқару элементін түрту.




Арттырудың басқару элементін түрту. Дисплейде "P" көрсетілгенін тексеріңіз.



Арттыру функциясынан бас тарту

Арттыру функциясынан бас тартқыңыз келетін қыздыру аймағының сырғытуды басқару элементін түртіңіз.



Арттырудың басқару элементін түрту арқылы арттыру функциясын қосыңыз.



- Функция кез келген пісіру аймағында жұмыс істейді.
- Пісіру аймағы 5 минуттан кейін өзінің бастапқы параметріне оралады.
- Бастапқы қыздыру параметрі 0-ге тең болса, ол 5 минуттан кейін 9-ға оралады.

Әдепкі жұмыс уақыттары

Автоматты өшіру — индукциялық плитаға арналған қорғаныс функциясы. Ол плитаны өшіруді ұмытып кеткен кезде автоматты түрде өшеді. Өртүрлі қуат деңгейлеріне арналған әдепкі жұмыс уақыттары төмендегі кестеде көрсетілген:

Қуат деңгейі	1	2	3	4	5	6	7	8	9
Әдепкі жұмыс таймері (сағат)	8	8	8	4	4	4	2	2	2

Кәстрөл алынғаннан кейін, индукциялық плита қыздыруды бірден тоқтата алады және плита 2 минуттан кейін автоматты түрде өшеді.

 Егер сіз кардиостимуляторды қолдансаңыз, осы құралды қолданар алдында дәрігерден кеңес сұраңыз.

ЖАЛПЫ КҮТІМ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Не?	Қалай?	Маңызды ақпарат!
Әйнектегі күнделікті дақтар (саусақ іздері, белгілер, тамақтан немесе шашырандыдан қалған дақтар).	1. Пісіру панелінің қуатын өшіріңіз. 2. Әйнек әлі жылы (ыстық емес!) болып тұрғанда пісіру панелін тазалау құралын жағыңыз. 3. Шайып, таза шүберекпен немесе қағаз сүлгімен сүртіп алыңыз. 4. Пісіру панелінің қуатын қайта қосыңыз.	• Пісіру панелінің қуаты өшіп тұрғанда, беттің ыстық екендігі туралы ешқандай ескерту болмайды, бірақ пісіру аймағы әлі ыстық болып тұруы мүмкін! Өте сақ болыңыз. • Қатты жөкелер, кейбір нейлон жөкелер және қатты/абразивті тазалау агенттері әйнекке сызат түсіруі мүмкін. Тазалағыш құралдың немесе жөкенің сәйкес келетінін немесе келмейтінін зат белгінен қарауыңызға болады. • Тазалау құралының қалдығын пісіру панелінде қалдыруға болмайды: әйнекке дақ түсуі мүмкін.
Әйнектегі тасып кеткен сұйықтық, еріген нәрселер және ыстық қант шашырандылары.	Ондайларды индукциялық әйнектен жасалған пісіру панельдеріне қолдануға болатын балық аударуға арналған қалақшамен, шпательмен немесе қырғышпен дереу алып тастаңыз, бірақ пісіру аймағы беттерінің ыстық болатынын ескеріңіз: 1. Пісіру панелінің қуатын қабырғадағы розеткадан ажыратыңыз. 2. Жүзді немесе асүй жабдығын 30° бұрышпен ұстаңыз да, кірді немесе шашырандыны пісіру панелінің суық жеріне қырып алып тастаңыз. 3. Кірді немесе шашырандыны ыдыс сүртетін шүберекпен немесе қағаз сүлгімен тазалаңыз. 4. Жоғарыдағы «әйнектің күнделікті ластануы» бөлімінде сипатталған 2-4-қадамдарды орындаңыз.	• Тамақтың ерігенінен және қантты тамақтан немесе шашырандыдан қалған дақтарды мүмкіндігінше бірден кетіріңіз. Егер ол әйнекте қалып қойып, суып қалса, оны кетіру қиынға соғады немесе тіпті әйнек бетінде біржола қалып қоюы мүмкін. • Кесіп кету қаупі: қауіпсіздік қақпағын алып тастағанда, қырғыштың жүзі ұстара сияқты өткір болып кетеді. Абайлап қолданыңыз және оны қауіпсіз әрі балалардың қолы жетпейтін жерге қойыңыз.
Сенсорлы басқару элементтеріндегі шашырандылар.	1. Пісіру панелінің қуатын өшіріңіз. 2. Шашырандыны тазалап шығыңыз. 3. Сенсорлы басқару элементтері аймағын таза дымқыл губкамен немесе шүберекпен сүртіп алыңыз. 4. Аймақты қағаз сүлгімен толығымен құрғатып сүртіңіз. 5. Пісіру панелінің қуатын қайта қосыңыз.	• Пісіру панеліне сұйықтық шашырап кетсе, ол дыбыстық сигнал шығарып, өздігінен өшіп қалуы және сенсорлы басқару элементтері істемей қалуы мүмкін. Пісіру панелін қайта қоспас бұрын, сенсорлы басқару элементтері аймағын құрғатып сүртіп алыңыз.

АҚАУЛАРДЫ ЖОЮ

Құрылғыңызды пайдалану қателер мен ақаулықтарға әкелуі мүмкін. Келесі кестелерде қате немесе ақаулық туралы хабарды жоюдың ықтимал себептері мен нұсқаулары ұсынылған. Қызмет көрсету орталығына барғанда жұмсалатын уақыт пен ақшаны үнемдеу мақсатында төмендегі кестелермен мұқият танысуға кеңес беріледі.

Мәселе	Ықтимал себептері	Не істеу керек!
Индукциялық плитаны қосу мүмкін емес.	Қуат жоқ.	Индукциялық плита қуат көзіне жалғанып, өзі қосылып тұруы керек. Үйіңізде және аймағыңызда қуат сөніп қалмағанын тексеріңіз. Егер барлығын тексергенде де мәселе шешілмесе, білікті техникалық маманға хабарласыңыз.
Сенсорлы басқару элементтері жауап бермейді.	Басқару элементтері құлыптаулы.	Басқару элементтерінің құлпын ашыңыз. Нұсқауларды көру үшін "Индукциялық пісіру панелін пайдалану" бөлімін қараңыз.
Сенсорлы басқару элементтерін әрең жұмыс істейді.	Басқару элементтерінде аздаған су тиген болуы мүмкін немесе басқару элементтерін түрткенде, саусағыңыздың ұшын пайдаланып жатқан болуыңыз мүмкін.	Сенсорлы басқару элементтері құрғақ екенін тексеріңіз және оларды саусағыңыздың жастықшасымен түртіңіз.
Әйнекке сызат түсіп жатыр.	Жиектері қатты асүй жабдығын пайдаланып жатырсыз. Үйлеспейтін, абразивті қырғыш немесе тазалау өнімдері қолданылып жатыр.	Жалпақ әрі тегіс асүй жабдықтарын пайдаланыңыз. "Дұрыс асүй жабдығын таңдау" бөлімін қараңыз. "Жалпы күтім ережелері" бөлімін қараңыз.
Кейбір табалардан шытынаған немесе шеткен дыбыстар шығады.	Ол асүй жабдығының құрылымына байланысты болуы мүмкін (әр металл қабаты әртүрлі дірілдейді).	Ол - асүй жабдығы үшін қалыпты жағдай және ақау емес.
Қатты қыздыру параметрінде қолданылған кезде, индукциялық плитадан төмен деңгейлі гуілдеген дыбыс шығады.	Бұл индукциялық пісіру технологиясынан туындайды.	Бұл — қалыпты жағдай, бірақ қыздыру деңгейін азайтқан кезде шу дыбысы азаюы немесе жойылуы керек.
Индукциялық плитадан желдеткіш шуы шығады.	Индукциялық плитаға ендірілген салқындату желдеткіші электрониканың шамадан тыс қызып кетуінің алдын алу үшін қосылды. Индукциялық плитаны өшіргеннің өзінде желдеткіш жұмыс істей беруі мүмкін.	Бұл – қалыпты жағдай және ешқандай шара қолдану қажет емес. Желдеткіш жұмыс істеп тұрған кезде, қабырғадағы розеткадан индукциялық плита қуатын өшірмеңіз.
Табалар қызбайды және дисплейде пайда болады.	Индукциялық плита табаны анықтай алмайды, себебі ол индукциялық пісіруге жарамайды. Индукциялық плита табаны анықтай алмайды, себебі ол пісіру аймағы үшін тым шағын немесе ортаға дұрыс қойылмаған.	Индукциялық пісіру үшін жарамды ас үй жабдығын пайдаланыңыз. "Дұрыс асүй жабдығын таңдау" бөлімін қараңыз. Табаны ортаға қойып, оның түбі пісіру аймағының өлшеміне сай келетініне көз жеткізіңіз.

Мәселе	Ықтимал себептері	Не істеу керек!
Индукциялық плита немесе пісіру аймағы күтпеген жерден өздігінен өшеді, дыбыстық сигнал беріледі және қате туралы код көрсетіледі (әдетте пісіру уақытының дисплейінде бір немесе екі цифр кезектесіп көрсетіледі).	Техникалық ақау.	Қате әріптері мен сандарын жазып алыңыз, индукциялық плитаны қабырғадағы розеткадан өшіріңіз және білікті техник маманға хабарласыңыз.

Индукциялық плита өзіндік диагностика функциясымен жабдықталған. Мұндай тексеру әдісімен техник плитаны жұмыс бетінен бөлшектемей немесе ажыратпай, бірнеше компоненттің жұмысын тексере алады.

Ақау коды тұтынушының пайдалануы және мәселені шешу кезінде пайда болады

Ақаулық коды	Мәселе	Шешім
Автоматты қалпына келтірілмейді		
E1	Керамикалық тақтаның температура сенсорының ақауы - ашық тізбек.	Жалғауды тексеріңіз немесе керамикалық тақтаның температура сенсорын ауыстырыңыз.
E2	Керамикалық тақтаның температура сенсорының ақауы - - қысқа тұйықталу.	
E7	Керамикалық тақтаның температура сенсорының ақауы	
C1	Керамикалық тақтаның сенсорында жоғары температура байқалды.	Керамикалық тақтаның температурасы қалыпқа келгенше күтіңіз. Құрылғыны өшіріп қосу үшін «ҚОСУ/ӨШІРУ» түймесін түртңіз.
E3	IGBT ақауының температура сенсоры -- ашық тізбек.	Қуат тақтасын орнына салыңыз.
E4	IGBT ақауының температура сенсоры -- қысқа тұйықталу.	
C2	IGBT жоғары температурасы.	IGBT температурасы қалыпқа келгенше күтіңіз. Құрылғыны өшіріп қосу үшін «ҚОСУ/ӨШІРУ» түймесін түртңіз. Желдеткіштің біркелкі жұмыс істейтінін тексеріңіз, болмаса желдеткішті ауыстырыңыз.
EL	Қуат кернеуі номиналды кернеуден төмен.	Қуат көзінің қалыпты екенін тексеріңіз. Қуат көзі қалыпты болғаннан кейін қосыңыз.
EH	Қуат кернеуі номиналды кернеуден жоғары.	
EU	Байланыс қатесі.	Дисплей тақтасы мен қуат тақтасы арасын қайта жалғаңыз. Қуат тақтасын немесе дисплей тақтасын орнына салыңыз.

Нақты ақау және шешімі

Ақау	Мәселе	А шешімі	В шешімі
Құрылғы қосылған кезде, жарықдиод жанбайды.	Қуат жоқ.	Қуат ашасы розеткаға тығыз салынғанын және розетканың жұмыс істейтінін тексеріңіз.	
	Керек-жарақтың қуат тақтасы мен дисплей тақтасының қосылу ақауы.	Қосылымды тексеріңіз.	
	Керек-жарақтың қуат тақтасы зақымдалған.	Керек-жарақтың қуат тақтасын ауыстырыңыз.	
	Дисплей тақтасы зақымдалған.	Дисплей тақтасын орнына салыңыз.	
Кейбір түймелер жұмыс істемейді немесе жарықдиод дисплейі қалыпты күйде емес.	Дисплей тақтасы зақымдалған.	Дисплей тақтасын орнына салыңыз.	
Пісіру режимінің индикаторы жанады, бірақ қыздыру басталмайды.	Плита температурасы жоғары.	Орта температурасы тым жоғары болуы мүмкін. Ауа кіретін саңылау немесе ауа желдету саңылауы бөгелген болуы мүмкін.	
	Желдеткіште бір ақау бар.	Желдеткіштің біркелкі жұмыс істейтінін тексеріңіз; Болмаса желдеткішті ауыстырыңыз.	
	Қуат тақтасы зақымдалған.	Қуат тақтасын орнына салыңыз.	
Жұмыс кезінде қыздыру кенеттен тоқтайды және дисплейде "u" әрпі жыпылықтайды.	Таба түрі жарамайды.	Дұрыс таба пайдаланыңыз (пайдалану нұсқаулығын қараңыз).	Табаны анықтау тізбегі зақымдалған, қуат тақтасын ауыстырыңыз.
	Таба диаметрі тым аз.		
	Плита шамадан тыс қызып кетті;	Құрылғы шамадан тыс қызып кетті. Температура қалпына келгенше күтіңіз. Құрылғыны өшіріп қосу үшін "ҚОСУ/ӨШІРУ" түймесін түртіңіз.	
Бір жақтың қыздыру аймақтарында (бірінші және екінші аймақ сияқты) "u" көрсетіледі.	Қуат тақтасы мен дисплей тақтасының қосылу ақауы;	Қосылымды тексеріңіз.	
	Қосылым бөлшегінің дисплей тақтасы зақымдалған.	Дисплей тақтасын орнына салыңыз.	
	Негізгі тақта зақымдалған.	Қуат тақтасын орнына салыңыз.	
Желдеткіш моторынан қалыптан тыс дыбыс шығады.	Желдеткіш моторы зақымдалған.	Желдеткішті ауыстырыңыз.	

Жоғарыда кең таралған ақаулардың тексерісі және шешімі берілген. Қауіптердің және индукциялық плитаның зақымдалуының алдын алу үшін құрылғыны өз бетіңізше бөлшектемеңіз.

САУДА БЕЛГІЛЕРІ, АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ МӘЛІМДЕМЕ

 Midea логотип, сөздік белгілер, сауда белгісі, фирмалық стиль және олардың барлық нұсқасы - Midea Group компаниясының және/немесе Midea компаниясы сауда белгілеріне, авторлық құқықтарына және басқа да зияткерлік мүлік құқықтарына, сонымен қатар Midea сауда белгісінің қандай да бір бөлігін пайдаланудан алынған іскерлік репутацияға иелік ететін еншілес компаниялардың («Midea») құнды активі. Midea компаниясының алдын ала жазбаша рұқсатынсыз Midea сауда белгісін коммерциялық мақсатта қолдану сауда белгісіне қатысты заң талаптарын бұзу немесе тиісті заң талаптарын бұзу арқылы әділетсіз бәсекелестік жасау әрекеттері болып табылады.

Бұл нұсқаулықты Midea компаниясы шығарды және оның авторлық құқығы Midea компаниясына тиесілі. Ешбір мекеменің немесе жеке тұлғаның осы нұсқаулықты толықтай немесе ішінара қолдануға, көшірмесін жасауға, өзгертуге, таратуға құқығы жоқ немесе Midea компаниясының алдын ала рұқсатынсыз басқа өнімдермен бірге бере алмайды немесе сата алмайды.

Осы нұсқаулықта көрсетілген функциялар мен нұсқаулардың барлығы оны басып шығару кезінде өзекті болып есептеледі. Алайда функциялар мен дизайнның жетілдірілуіне байланысты нақты өнім өзгешелеу болуы мүмкін.

КӘДЕГЕ ЖАРАТУ ЖӘНЕ ҚАЙТА ӨНДЕУ

Қоршаған ортаны қорғауға арналған маңызды нұсқаулар

WEEE директивасымен сәйкестік және пайдаланылған өнімді утилизациялау:

Бұл өнім ЕО WEEE директивасының (2012/19/ЕО) талаптарына сай келеді. Бұл өнімде электрлік және электрондық қалдықтарға (WEEE) қатысты жіктеу белгісі бар.

Бұл белгі қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін бұл өнімді басқа тұрмыстық қалдықтармен бірге утилизацияламау керек екенін көрсетеді. Пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін аспапты одан әрі кәдеге жарату үшін электр және электрондық құрылғыларды жинаудың ресми пунктіне тапсыру қажет. Қоқыстарды жинау жүйелерін табу үшін жергілікті органдарға немесе өнімді сатып алған дүкенге хабарласыңыз. Әрбір отбасы ескі құрылғыларды қалпына келтіру және қайта өңдеу процесінде маңызды рөл атқарады. Пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін құрылғыны дұрыс кәдеге жарату қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына жағымсыз салдардың алдын алуға мүмкіндік береді.




RoHS директивасының талаптарына сәйкестік

Сіз сатып алған өнім ЕО RoHS директивасының (2011/65/ЕО) талаптарына сәйкес келеді. Оның құрамында директивада көрсетілген зиян және тыйым салынған материалдар жоқ.

Қаптама туралы ақпарат

Өнімнің қаптама материалдары мемлекеттік экологиялық ережелерімізге сәйкес қайта өңделген материалдардан жасалған. Қаптама материалдарын тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамаңыз. Оларды жергілікті органдар бекіткен қаптама материалдарын жинау орындарына апарыңыз.



ДЕРЕКТЕРДІ ҚОРҒАУ ТУРАЛЫ ЕСКЕРТПЕ

Клиентпен келіскен қызметтерді көрсету үшін, клиентке қызмет көрсетілетін елдердегі деректерді қорғау туралы қолданыстағы заңнаманың барлық ережелерін, сонымен қатар қолданылатын аймақтарда ЕО Деректерді қорғаудың жалпы регламентін (GDPR) сақтауға келісеміз.

Жалпы біздің деректерді өңдеу процесі сізбен жасасқан келісімшарт бойынша міндеттемелерімізді орындауға және кепілдік пен өнімді тіркеу сұрақтарына қатысты құқықтарыңызды қорғауға арналған.

Кейбір жағдайда (тиісті деректерді қорғау процесі қамтамасыз етілген жағдайда ғана) жеке басқа қатысты деректер Еуропалық Экономикалық Аймақтан тыс жерлерге тасымалдануы мүмкін.

Бұдан басқа ақпаратты сұрап алуыңызға болады. **info@mideakz.com** мекенжайы бойынша Деректерді қорғау жөніндегі бас маманға хабарласуыңызға болады. Жеке басыңызға қатысты деректің тікелей жарнамалық мақсатта қолданылуына қарсы шығу құқығыңызды қолданғыңыз келсе, бізге **info@mideakz.com** мекенжайы бойынша хабарласыңыз.

ДҰРЫС КӘДЕГЕ ЖАРАТУ



Өнімдегі немесе орамдағы бұл таңба, өнімнің қарапайым тұрмыстық қалдықтар қатарына жатпайтынын және істен шыққаннан кейін, электрлік немесе электрондық жабдықты қайта өңдеуге арналған тиісті жинау орнына өткізу керектігін көрсетеді. Ескі құрылғыларды жинау және қайта өңдеу біздің табиғи ресурстарды сақтауға маңызды үлес қосады және экологиялық таза және зиянсыз қоқысқа шығаруды қамтамасыз етеді.



Өнім Кеден одағының тиісті техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес сертификатталған.

ӨНДІРУШІ

GUANGDONG MIDEA CONSUMER ELECTRIC
MANUFACTURING CO., LTD
No. 19, Sanle Road, Beijiao Town, Shunde,
Foshan, Guangdong, China

ҚР-ҒА ИМПОРТТАУШЫ

ЖШС "TECHNOMAN"
Алматы қ., Бурундайская к., 93 А
Тел.: +7(727) 223 03 65
ҚР бойынша қолдау орталығы:
8 800 004 04 94
Веб-сайт: www.mideakz.com

Өнімнің сыртқы түрін, түсі мен техникалық мәліметтерін, өндіруші
тұтынушыға алдын ала ескертусіз өзгерте алады.



ӨЗІҢДІ ҮЙДЕГІДЕЙ СЕЗІН



ИНДУКЦИОННАЯ ВАРОЧНАЯ ПОВЕРХНОСТЬ

РУКОВОДСТВО ПО ЭКСПЛУАТАЦИИ

MCI-B322S



Предупреждения. Перед началом эксплуатации этого устройства внимательно изучите настоящее Руководство и сохраните его на будущее. В ходе улучшения устройства его конструктивные особенности и характеристики могут быть изменены без предварительного уведомления. Подробности уточняйте у продавца или производителя. Изображение выше приведено исключительно в справочных целях. Руководствуйтесь фактическим внешним видом устройства.

Благодарим за выбор Midea! Перед использованием нового устройства Midea внимательно изучите это Руководство, чтобы безопасно использовать предлагаемые функции устройства.

СОДЕРЖАНИЕ

ИНСТРУКЦИИ ПО ТЕХНИКЕ БЕЗОПАСНОСТИ.....	02
ТЕХНИЧЕСКИЕ ХАРАКТЕРИСТИКИ	07
ОБЗОР УСТРОЙСТВА.....	08
БЫСТРЫЙ ЗАПУСК	10
УСТАНОВКА УСТРОЙСТВА	12
ЭКСПЛУАТАЦИЯ.....	16
ОБЩИЕ ПРАВИЛА УХОДА	23
ПОИСК И УСТРАНЕНИЕ НЕИСПРАВНОСТЕЙ	24
ТОВАРНЫЕ ЗНАКИ, АВТОРСКИЕ ПРАВА И ЮРИДИЧЕСКИЕ ЗАЯВЛЕНИЯ	28
УТИЛИЗАЦИЯ И ПЕРЕРАБОТКА	29
УВЕДОМЛЕНИЕ О ЗАЩИТЕ ДАННЫХ.....	30

ИНСТРУКЦИИ ПО ТЕХНИКЕ БЕЗОПАСНОСТИ

Предполагаемое использование

Следующие инструкции по технике безопасности предназначены для предотвращения непредвиденных рисков или повреждения имущества в результате ненадлежащей эксплуатации устройства. Для обеспечения безопасной эксплуатации проверьте упаковку и устройство после доставки, чтобы убедиться в отсутствии видимых повреждений. В случае обнаружения любых повреждений обратитесь к розничному продавцу или дилеру. Обратите внимание, что внесение изменений в конструкцию устройства не допускается по соображениям безопасности. Использование не по назначению может привести к несчастным случаям и/или аннулированию гарантии.

Условные обозначения

	Опасность Этот символ означает, что существует опасность для жизни и здоровья людей из-за чрезвычайно опасного газа.
	Предупреждение о высоком напряжении Этот символ указывает на опасность для жизни и здоровья людей из-за напряжения.
	Предупреждение Эта комбинация символа и сигнального слова указывает на потенциально опасную ситуацию, которая может привести к смерти или серьезным травмам, если ее не избежать.
	Осторожно Эта комбинация символа и сигнального слова указывает на потенциально опасную ситуацию, которая может привести к легким или незначительным травмам или повреждению имущества и окружающей среды.
	Внимание Символ указывает на важную информацию (например, о вреде для имущества), но не на опасность.
	Соблюдение инструкций Этот символ указывает на то, что специалист по обслуживанию должен эксплуатировать и обслуживать прибор только в соответствии с инструкцией по эксплуатации.

Перед использованием устройства внимательно изучите эти инструкции по эксплуатации и храните их в непосредственной близости от места установки устройства для последующего обращения!

Предупреждения о мерах безопасности

Ваша безопасность имеет большое значение для нас. Прочтите приведенную ниже информацию перед использованием варочной панели.

Установка

Опасность поражения электрическим током

- Перед выполнением очистки или техобслуживания всегда отключайте прибор от электросети.
- Подключение к надежной системе заземления является важным и обязательным требованием.
- Любые изменения бытовой электропроводки должны выполняться только квалифицированным электриком.
- Несоблюдение этого требования может привести к поражению электрическим током и даже к смерти.

Опасность порезов

- Будьте осторожны – края панели острые.
- Несоблюдение этого требования может привести к порезам.

Важные правила техники безопасности

- Перед установкой или использованием данного прибора внимательно прочтите эти инструкции.
- Запрещается размещать на этом приборе горючие материалы или продукты.
- Предоставьте эту информацию лицу, ответственному за установку прибора, так как это может снизить расходы на монтажные работы.
- Во избежание опасности этот прибор должен быть установлен в соответствии с приведенными здесь инструкциями по установке.
- Данный прибор должен быть установлен и заземлен надлежащим образом только квалифицированным специалистом.
- Этот прибор должен быть подключен к цепи с изолирующим выключателем, который обеспечивает полное отключение от источника питания.
- Ненадлежащая установка прибора может привести к аннулированию гарантии.
